

"Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1463 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 732 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 қыркүйекте № 29343 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1463 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17527 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықтың тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидаларын бекіту туралы";

аталған бұйрықтың 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидалары бекітілсін.";

Аталған бұйрықпен бекітілген адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

К. Мусин

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 732 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

Адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида адвокат және заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 23-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және құқықтық консультация беру түріндегі адвокат және заң консультанты көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тәртібін айқындайды.

2 тарау. Адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тәртібі

2. Адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуға Заңның 26-бабының 2-тармағында көрсетілген тұлғаларға көрсетілген құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі жатады.

3. Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды адвокат осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тізілімінде (бұдан әрі-тізілім) қазақ немесе орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште жүргізеді.

4. Заң консультанты көрсеткен, құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды заң консультанты осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тізілімінде қазақ немесе орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште жүргізеді.

5. Мәліметтер тұлғаның мемлекет кепілдік берген құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегіне жүгінген күні тізілімге енгізілуге жатады.

6. Адвокаттық құпиямен немесе заң консультантының құпиясымен қорғалатын құпия ақпаратты қоспағанда, электрондық тізілімде қамтылған мәліметтерді адвокат немесе заң консультанты заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Адвокат немесе заң
консультанты көрсеткен
құқықтық консультация
беру түріндегі мемлекет кепілдік
берген заң көмегін есепке алу

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тізілімі адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру _____

_____ (адвокаттар алқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңселер) _____

_____ (адвокаттың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

№ п/п	құқықтық консультация беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегіне жүгінген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке куәлігін растайтын құжат және жүгінген күні	құқықтық консультация беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы мен деректемелері	құқықтық мәселенің мәні	құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегінің нысаны (мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге байланысты адвокаттың жұмыспен қамтылу уақытының ұзақтығы	құқықтық консультация беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге байланысты адвокаттың жұмыспен қамтылу уақытының ұзақтығы	адвокаттың электрондық цифрлық қолтаңбасы туралы мәліметтер	жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8

Адвокат немесе заң
консультанты көрсеткен
құқықтық консультация
беру түріндегі мемлекет кепілдік
берген заң көмегін есепке
алу Қағидасына
2-қосымша

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тізілімі заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру _____

_____ (заң консультациясы палатасының атауы) _____

_____ (заң консультантының Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

	құқықтық консультация беру түріндегі						
--	--	--	--	--	--	--	--

№ п/п	ия беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегіне жүгінген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке куәлігін растайтын құжат және жүгінген күні	құқықтық консультац ия беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы мен деректемеле рі	құқықтық мәселенің мәні	мемлекет кепілдік берген заң көмегінің нысаны (ауызша немесе жазбаша консультац ия беру, өтінішті, шағымды, өтінішхатты ж ә н е құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау)	құқықтық консультац ия беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге байланысты з а ң консультант ы н ы ң жұмыспен қамтылу уақытының ұзақтығы	з а ң консультант ы н ы ң электронды қ цифрлық қолтаңбасы туралы мәліметтер	же к е тұлғаның электронды қ цифрлық қолтаңбасы туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК